



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 2 – 9 сәуір аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы 12 сәуір

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 9 ақпанда **теңгенің нарықтық бағамы** кезең ішінде 1,5%-ға (426,84-тен) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 433,15 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 2 – 9 сәуір аралығында дамушы елдер валюталарының динамикасы әртүрлі бағытта болды. ХВҚ әлемдік экономиканың 2021 жылғы өсу болжамын түзетіп, 6%-ға дейін көтерді (бұрын болжам 5,5% болған). АҚШ ФРЖ басшысы қалпына келтірудің аяқталмағанын білдіре отырып, АҚШ экономикасын қалпына келтіруге уәде берді. ҚХР-да өндірушілердің бағасы 2018 жылғы шілдеден бастап ең жоғары қарқынмен, наурызда 4,4%-ға, АҚШ-та 4,2%-ға ж/ж өсіп, талдаушылардың болжамынан асып түсті.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Мексика песосы** қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуі мен АҚШ доллары бағамының тұрақтануы аясында 0,7%-ға (20,31-ден 20,16-ға дейін) нығайды. Наурызда инфляция реттеуші таргеттен 4,67%-ға ж/ж дейін өсті;
- **Бразилия реалы** Конгресс пен ел Үкіметі арасындағы 2021 жылға арналған бюджетке қатысты саяси келіспеушіліктердің төмендеуі аясында 0,5%-ға (5,71-ден 5,68-ге дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** өндірістік саладағы іскерлік белсенділік индексінің наурызда (ақпанда 53-ке) 57,4-ке дейін ұлғайғаны туралы деректердің шығуы аясында 0,4%-ға (14,67-ден 14,61-ге дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** бір апта ішінде өзгерген жоқ, 8,17 деңгейінде қалды;
- **Индонезия рупиясы** өңірде Covid-19-дың таралуына байланысты инвесторлардың қызығушылығының төмендеуі аясында 0,3%-ға (14 525-тен 14 565-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** санкциялар тақырыбының дамуын күтуден және РФ мен Украина арасындағы әскери шиеленістің өсуінен қауіптенуден геосаяси тәуекелдері аясында 1,5%-ға (76,3-тен 77,43-ке дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** 2021 жылы ОБ-ның қайталама нарықта 1 трлн рупий (\$14 млрд) көлемінде активтерді сатып алу бағдарламасын жариялауы аясында 1,9% ға (73,33-тен 74,75-ке дейін) әлсіреді.

¹АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап 2021 жылғы 09 Сәуір аралағында)



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылғы 02 Сәуір - 09 Сәуір аралағында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2021 жылғы 26 наурыз =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz